

**Бестамақ орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңестің
кезектен тыс отырысы
Хаттамасы №2**

Бестамақ ауылы

02.10.2024 жыл

Өткен уақыты: 15.00

Өткен орны: Бестамақ орта мектебі, кітапхана

Қатысқандар: 9

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

- 1) Султанов Мерғали Жанағалиевич – кеңес төрағасы
- 2) Қолқанатов Серік Сейтжанұлы – кеңес мүшесі
- 3) Наушина Гариға Баймашқызы – кеңес мүшесі
- 4) Уразалина Гульнара Басаровна – кеңес мүшесі
- 5) Есекенова Самал Сапарғалиевна – кеңес мүшесі
- 6) Султанова Айнұр Сериковна – кеңес мүшесі
- 7) Ажигалиева Кулпаршин Мунайтпасовна – кеңес мүшесі
- 8) Ермекбай Қуанышбек Сәндігерейұлы – кеңес мүшесі
- 9) Сағынай Мерей Ержанқызы – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

Бестамақ орта мектеп директоры лауазымына кандидатурасына келісім беру туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директорының у.м.а А.Даулеталина:

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты сөз алды. «Алға аудандық білім бөлімі» ММ «Бестамақ орта мектебі» КММ атынан мектеп директоры лауазымына конкурс жарияланған болатын. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 6- тармағының 5) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік білім беру мекемелерінің басшы лауазымдарына орналасу конкурсына қатысқан үміткерді келісу жолдамасымен бір кандидат келіп отыр. Конкурсқа қатысушы - Тилимбаева Асель Булатовнаны таныстырғым келіп отыр. Мамандығы – психолог. Білімі – жоғары. Қазіргі таңда Х.Досмұхамедұлы атындағы №35 орта мектебінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Сөз кезегін сол кісіге береміз.

Тилимбаева Асель Булатовна өз сөзінде:

«Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп атап көрсетілген ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасында. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов айтқан сөзде мәні терең мағына жатыр. Еліңнің ертені – жас ұрпақты жақсылап өсір деген сөз. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әр ұстаздың міндеті. Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастар сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектепте пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өту тиімді. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Бағдарлама бойынша дифференциалдап оқыту, сабақ барысына проблемалы әдісті қолдана білу, сабақтың әр бойында барлық оқушылардың толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қайталау жұмыстарын шебер ұйымдастыра білу, сабақ барысында әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отыру, олардың белсенді әрекеттерін, әсіресе, ұйымшылдық пен еңбексүйгіштік қасиетін әрі қарай дамыту - әрбір мұғалімнің биік міндеті.

2. Қамқоршылық кеңестің мүшелері алдында 2024-2029 оқу жылдарының мектептің даму жоспарымен таныстырды.

Уразалина Г.Б.: біз Сіздің жоспарыңызбен танысып отырмыз. Бірақ нақты жұмысыңызды көрмегендіктен, тек алға қойған мақсатыңыздан таймай, мектебімізді көркейтуге үлес қосады деп ойлаймын. Себебі, біздің мектеп тірек мектебі болғандықтан, тексеріс, қонақтар көп келеді. Аудан бойынша алдыңғы қатардағы мектептердің бірі. Жаңадан келген басшы мектебіміздің әрі қарай көркеюіне өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Наушина Г.Б.- Мектептегі мұғалімдердің құрамы өте жақсы. Менің төрт баламда осы мектептің түлегі, барлығы да өте жақсы мектепті аяқтады. Бұл ұстаздардың еңбегі деп ойлаймын. «Талаптыға нұр жауар» деп бекер айтпаған, талабыңызға нұр жауып, тек алға қойған мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспін.

Султанов М.Ж. - мен осы ауылдың тұрғынымын, әрі түлегімін, азаматтық істер бойынша заңгермін, еркін күрестен жаттықтырушысымын. Мектепке баланың мүддесі үшін болғандықтан, өзара келісім болған жақсы. Ауызбіршілікте жұмыс жасаймыз деп ойлаймын.

Султанова А. С: жұмыс жасап жатқан жеріңізде қандай жаңалық енгіздіңіз?

Тилимбаева А. Б: мен жұмыс жасаған мектепте ата -ана кезекшілігі жақсы жолға қойылды. Ата -аналар екі мезгілдеде кезекшілікке шығып, міндеттерін атқарады. Сонымен қатар, ата -аналар асхананың тамағын күнделікті тексеріп отырады.



Ажигалиева К.М.: Талабың оң болсын. Мақсат қойсаңыз атқарып шығасыз. Бестамак орта мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасарлары жақсы. Өз жұмысына тиянақты мамандар. Мектебіміздің жастар құрамы да жақсы. Түрлі мектептің жобаларына қатсады. Араларында магистрлерде бар. Барлығы басшыға байланысты. Мамандығыңыз психолог болғандықтан, барлығымен тез тіл табыса алады деп ойлаймын. Кандидатураның мектеп директоры лауазымына сәйкес деп ойлаймын.

Дауыс «ия» - 7

«қарсы» - жоқ

Қаулы:

Қамқоршылық кеңес отырыстың шешімі бойынша мектептің даму жоспары қабылданып, Тилимбаева Асель Булатовна мектеп директорының лауазымына келісілді.

- 1) Султанов Мерғали Жанағалиевич—кеңес төрағасы 
- 2) Қолқанатов Серік Сейтжанұлы-кеңес мүшесі _____
- 3) Наушина Гариға Баймашқызы-кеңес мүшесі _____ 
- 4) Уразалина Гульнара Басаровна-кеңес мүшесі _____
- 5) Есекенова Самал Сапарғалиевна-кеңес мүшесі _____
- 6) Султанова Айнур Сериковна-кеңес мүшесі 
- 7) Ажигалиева Кулпаршин Мунайтпасовна-кеңес мүшесі _____ 
- 8) Ермекбай Қуанышбек Сәндігерейұлы- кеңес мүшесі _____
- 9) Сағынай Мерей Ержанқызы- кеңес мүшесі 

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
Бестамақ орта мектебінің директорының у.м.а.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:



А.К. Дадеталина

Т.К. Досщанова